

"Автожол саласын қайта құрылымдау (Атырау-Ақтау)" жобасын қаржыландыру үшін Еуропалық Қайта құру және Даму банкінің қарызын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 1224 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қайта құру және Даму банкі арасындағы "Автожол саласын қайта құрылымдау (Атырау-Ақтау)" жобасы бойынша 119 200 000 (бір жүз он тоғыз миллион екі жүз мың) АҚШ доллары сомасында қарыз туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қайта құру және Даму банкі арасындағы "Автожол саласын қайта құрылымдау (Атырау-Ақтау)" жобасы бойынша қарыз туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Жобаны республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру, қосылған құн салығын төлеуді қоса алғанда 55 133 000 (елу бес миллион бір жүз отыз үш мың) АҚШ долларынан аспайды деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражат есебінен тартылатын қарызға қызмет көрсетуді және оны өтеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті тартылатын қарыз қаражатының мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы
(N 21582 операциясы)

**Қазақстан Республикасы
мен
Еуропа қайта құру және Даму банкі
арасындағы
Қарыз туралы келісім
Автожол саласын қайта құрылымдау
(Атырау-Ақтау) 2003 жылғы**

Қарыз туралы келісім

Қазақстан Республикасы ("Қарыз алушы") мен Еуропа қайта құру және Даму банкі ("Банк") арасындағы 2003 жылғы _____
Келісім.

Кіріспе

Банк көп партиялы демократия, плюрализм және рыноктық экономика қағидаттарының негізінде және оларды қолдана отырып, Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде ашық рыноктық экономикаға көшуге және жекеше және кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесетін нақты жобаларды қаржыландыру үшін

Қ ұ р ы л ғ а н д ы қ т а н

Қарыз алушы Атырау-Ақтау жолдарын қайта құруда Қарыз алушыға көмек көрсету және жол саласын қайта құрылымдауды қолдау үшін әзірленген 1-қосымшаға сәйкес Жобаны іске асыруға ниет етіп **Отырғандықтан** ;

Жобаны Көлік және коммуникациялар министрлігі **жүзеге Асыратындықтан** ;

Қарыз алушы Банкке Жобаның бөлігін қаржыландыруға жәрдемдесуге көмектесу туралы өтініш **Жасағандықтан** ;

Банк Жобаның С Бөлігін іске асыруға жәрдем көрсету үшін өтеусіз негізде техникалық ынтымақтастық қаражатын тарту процесін **Аяқтағандықтан** ; және

Банк басқа жәйіттермен бірге жоғарыда сөз болғандар негізінде осы Келісімде баяндалған немесе айтылған ережелерге және шарттарға сәйкес Жобаның А Бөлігі мен В Бөлігінің үлестерін қаржыландыруға көмек көрсету үшін жүз он тоғыз миллион екі жүз мың доллар (119 200 000 АҚШ доллары) мөлшерінде қарызды Қарыз алушыға б е р у г е **К е л і с к е н д і к т е н**

Тараптар осы бойынша мыналар туралы уағдаласты:

**I-бап - Стандарттық ережелер мен шарттар;
анықтамалар**

1.01-бөлім. Стандарттық ережелер мен шарттарды енгізу

Банктің 1999 жылғы ақпандағы Стандарттық ережелері мен шарттарының барлық ережелері осы бойынша осы Келісімге енгізіледі және оған қолданылады және егер олар осы құжатта қалай толығымен баяндалғандағыдай сықылды осындай күші дәл болады және қолданысқа ие (бұдан әрі осындай ережелер "Стандарттық ережелер мен шарттар" деп аталады).

1.02-бөлім. Анықтамалар

Кіріспеде анықталған және осы Келісімнің кез-келген жерінде пайдаланылатын терминдер (Кіріспе мен Қосымшаларды қоса алғанда), егер оларды өзгеше түсіндіру жеке келісімесе немесе контекст бойынша талап етілсе, ондағы тиісінше анықталған мағынаға ие болады; Стандарттық ережелер мен шарттарда анықталған терминдер ондағы тиісінше сипатталған мағынаға ие болады, ал төменде келтірілген терминдер мынадай мағынаға ие:

"Қарыз алушының уәкілетті өкілі"

Қарыз алушының Қаржы министрін білдіреді

"Доллар" немесе "\$"

Америка Құрама Штаттарының заңды валютасын білдіреді.

"ЕҚДБ экологиялық рәсімдері"

Дүркін-дүркін Банк өзгертіп тұратын Банктің "Экологиялық рәсімдерін" білдіреді.

"Экологиялық талдау"

"Автожол саласын дамыту бағдарламасын әзірлеуді қолдау" бөлігі ретінде Банктің техникалық ынтымақтастық жасауымен Қарыз алушы дайындаған және 2003 жылғы ақпандағы "Атырау-Ақтау жолы әлеуметтік-экологиялық ықпалын талдау туралы түпкілікті есеп" атауымен есепте ұсынылған экологиялық бағалауды және жоспарды білдіреді.

"Орындаушы агенттік"

Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті өкілі болып табылатын Қарыз алушының Көлік және коммуникациялар министрлігін білдіреді.

"Анықтамалық парақ"

Moneyline Telerate 3700 парағы ретінде белгіленген қарыз

валютасындағы негізгі банктердің лондондық банкаралық депозиттер бойынша ұсыным ставкасын көрсетуді білдіреді (немесе осы сияқты парак, ол қарыз валютасындағы, лондондық банкаралық депозиттер бойынша ұсыным ставкаларын көрсету мақсатында Moneyline Telerate 3750 парағын ауыстыруы мүмкін).

"Арнаулы шот"

2.03-бөлімде және 3-қосымшада көрсетілген арнаулы депозиттік шотты білдіреді.

"Дүниежүзілік банкі"

Халықаралық қайта құру және даму банкі құру туралы келісімге сәйкес 1945 жылы 1 мамырда құрылған Халықаралық қайта құру және даму

банкін білдіреді

1.03-бөлім. Түсіндіру

Көрсетілген Бапқа, Бөлімге немесе Қосымшаға сілтеме, осы Қосымшада жеке көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің осы көрсеткен Бабына немесе Бөліміне немесе Қосымшасына сілтеме ретінде түсіндіріледі.

II-бап - Қарыздың негізгі шарттары

2.01-бөлім. Қарыздың сомасы мен валютасы

Банк осы Келісімде сөз болған немесе айтылған ережелер мен шарттарға сәйкес қарызды жүз он тоғыз миллион екі жүз мың доллар мөлшеріндегі соманы (\$119 200 000) Қарыз алушыға беруге келіседі.

2.02-бөлім. Қарыздың өзге де қаржылық шарттары

(a) Қарызды іріктеудің ең аз сомасы жүз мың долларды (\$100 000) құрайды.

(b) Мерзімінен бұрын өтеудің ең аз сомасы бес миллион долларды (\$5 000 000)

құрайды.

(c) Өтелетін ең аз сома бес миллион долларды (\$5 000 000) құрайды.

(d) Пайыздарды төлеу күні әрбір жылдың 28 тамызына және 28 ақпанға белгіленеді.

(e) Қарыз алушы төменде келтірілген мерзімдерде және мөлшерде Қарыздың негізгі сомасын өтейді:

Қарызды өтеу күні

Төлеуге берілетін сома

2007	28	а қ п а н	4	966	666
2007	28	т а м ы з	4	966	666
2008	28	а қ п а н	4	966	666
2008	28	т а м ы з	4	966	666
2009	28	а қ п а н	4	966	666
2009	28	т а м ы з	4	966	666
2010	28	а қ п а н	4	966	666
2010	28	т а м ы з	4	966	666
2011	28	а қ п а н	4	966	666
2011	28	т а м ы з	4	966	666
2012	28	а қ п а н	4	966	666
2012	28	т а м ы з	4	966	666
2013	28	а қ п а н	4	966	666
2013	28	т а м ы з	4	966	666
2014	28	а қ п а н	4	966	666
2014	28	т а м ы з	4	966	666
2015	28	а қ п а н	4	966	666
2015	28	т а м ы з	4	966	666
2016	28	а қ п а н	4	966	666
2016	28	т а м ы з	4	966	666
2017	28	а қ п а н	4	966	666
2017	28	т а м ы з	4	966	666
2018	28	а қ п а н	4	966	666
2018 28 тамыз		4 966 682			

(f) соңғы беру күні 2007 жылғы 31 желтоқсан болып табылады.

(g) резервте сақтағаны үшін комиссия ставкасы жылына 0,5%-ды құрайды.

(h) П а й ы з д ы қ с т а в к а

Қарыз өзгермелі ставкамен пайызбен беріледі, ол "Стандарттық ережелер мен шарттарда" маржа мен тиісті рынокта пайыздық ставкалар сомасы ретінде анықталады. Стандарттық ережелер мен шарттардың 3.04 (b) бөлімінің мақсаттары үшін тиісті рыноктық ставка қарыздың валютадағы депозиттеріне ұсынылып отырған жылдық ставка болып табылады, бұл тиісті пайыздық кезеңнің ұзақтығы бойынша жақын (немесе егер қос кезең тиісті екі пайыздық ставкалардың орташа көлеміне тиісті Пайыздық кезеңнің ұзақтығы бойынша бірдей жақындайды) кезеңге пайыздық ставканы анықтаудың тиісті күні Лондон уақытының таңертеңгі 1:00-дегі жағдай бойынша мынадай шарттарда Анықтамалық парақта көрсетіледі:

(А) егер қандай да болмасын себеппен Тиісті рыноктық пайыздық ставка Анықтамалық параққа қатысты берілген уақытта анықталмаса, онда Тиісті рыноктық пайыздық ставка қарыздың валютадағы депозиттері бойынша ұсынылатын жылдық

пайыздық ставкалардың Банк орташа арифметикасы ретінде анықтайтын (қажет болған кезде 1/16%-ға дейін жақын көп жағына дөңгелектей отырып) Қарыздың валютадағы депозиттері бойынша мөлшері Банкке Лондондық банкаралық рынокта әрекет ететіндердің арасынан Банк таңдап алған үш негізгі банк ұсынатын пайыздық кезеңге тең мерзімге пайыздық кезеңге сәйкес келетін кезеңге өтелмей қалған ретінде жоспарланған Қарыздың сол бөлігімен пара-пар болады; және;

(В) Егер Банк қарыз валютасындағы депозиттер Лондондық банкаралық рынокта сол мөлшерлерде немесе сол мерзімдерге ұсынылмайды деп анықтаса, онда Тиісті рыноктық пайыздық ставка тиісті Пайыздық кезең аралығында өтелмеген болып қала беретін Қарыздың сол бөлігін қаржыландыру жөнінде Банктің таңдауы бойынша оның шығыстары (жылдық пайыздық ставка ретінде көрсетілген) болып табылады.

2.03-бөлім. Қарызды іріктеу және арнайы шот

(а) берілген сома кейде 2-қосымшаға сәйкес (1) Жоба үшін талап етілетін орынды баға қойылғаны тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты жүргізілген шығындарды жабу үшін (немесе алда жүргізетін Банктің келісімімен) және (2) біржолғы комиссияны өтеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

(b) Қарыз алушы осы бойынша Банкке Қарыз алушының атынан берілген сомадан, біржолғы комиссияға тең сомадан пайдалануға және өз-өзіне біржолғы комиссия төлеуге өкілеттік береді.

(с) Жобаның мақсаттарында Қарыз алушы шегерімнен, тәркілеуден және тыйым салудан тиісті қорғауды қоса алғанда, Банк үшін қанағаттандырылғы болып табылатын ережелер мен шарттарға сәйкес Банк үшін коммерциялық банкте қолайлы Қарыз валютасындағы арнайы депозиттік шот ашады және оны қамтиды. Егер Қарыз алушы қарыз іріктеуді соманы кейіннен Арнайы шотта орналастыра отырып жүзеге асыруды және одан төлемдер есептеуді қаласа (2.03 (а) бөлімге сәйкес іріктеудің орнына), онда осындай іріктеу 3-қосымшаның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2.04-бөлім. Қарызды іріктеу жөніндегі уәкілетті өкіл

Қарыз алушының Қаржы министрі осы Келісімнің 2.03 (а) бөлімінің ережелеріне сәйкес және Стандарттық ережелер мен шарттардың 3.01 және 3.02-бөлімінің ережелеріне сәйкес талап етілетін немесе рұқсат етілген кез келген іс-әрекеттерді қолдану үшін Қарыз алушының уәкілетті өкілі болып табылады.

III-бап - Жобаны орындау

3.01-бөлім. Жоба бойынша басқа да міндеттемелер

Стандарттық ережелер мен шарттардың IV-бабында айтылған жалпы міндеттемелерге толықтыру ретінде Қарыз алушы, егер Банк өзгеге келіспесе:

(а) Жобаны аяқтау үшін қажетті қаражатты қамтамасыз ету үшін қажетті барлық

шараларды қабылдауға және мерзімі келген немесе қажет болған кезде Жоба бойынша шығыстардағы өз үлесін төлеуге;

(b) Қазақстан Республикасы бюджетінің жобасы осы Келісімге қол қойылғаннан кейін және берудің Соңы күні басталғанға дейін әрбір қаржы жылы жалпы сомасы кемінде 150 млн. АҚШ долларында ұлттық және ұлттық көлік автожолдарын ұстау мен оңалтуды жыл сайынғы қаржыландыруын көздеуін қамтамасыз етуге;

(c) Банктің ұсынымын назарға ала отырып, автожол саласын дамытудың жаңа орта мерзімді бағдарламасының жобасын әзірлеуге және оны қабылдауды 2005 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей қамтамасыз етуге;

(d) Атқарушы органға: (i) жол жамылғысы жағдайы туралы ақпараттың тиісті деңгейін, сондай-ақ жолдарды ұстауға арналған шығыстарды оңтайландырудың тиісті аспаптарын қамтамасыз ететін Қарыз алушының жол желісі үшін жол жамылғысын басқару жүйесін әзірлеуді және іске асыруды; және (ii) 2005 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей банк үшін қанағаттандыруарлық жол жамылғысын басқару жүйесін енгізу прогресін көрсететін есеп беруді тапсыруға;

(e) Атқарушы органға 2005 жылғы желтоқсаннан кешіктірмей міндеттемелердің қайталануы мен тендерлік негізде кезеңді жөндеуге және жолдарды ұстауға арналған барлық жасасқан келісім-шарттардың қайталануын болдырмау мәселесін қоса алғанда, автожол саласындағы қайта құрылымдануды іске асыруда Банк үшін қанағаттандыруарлық прогресс көрсететін есеп беруді тапсыруға;

(f) 2005 жылғы 1 ақпанға дейін жолдарды пайдаланушылар есебінен шығындардың өтелуін арттыру туралы Банк үшін қанағаттандыруарлық, атап айтқанда: (i) ауыр жүкті көлік құралдары үшін төленетін алымдар ставкасын арттыруды, және (ii) оның нәтижесінде алымдардың құрылымы көлік құралдарының әрбір класымен келтірілетін залалмен тығыз байланысты болатын алымдардың құрылымын өзгертуді өзіне қамтитын ұсыныстарды іске асыруға міндетті.

3.02-бөлім. Жобаны іске асыру

Қарыз алушы Атқарушы орган арқылы Жоба бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды қоса алғанда, Жобаны іске асырудың барлық аспектілерінің мониторингі мен оны бағалауды үйлестіру, басқару мақсатында барлық тиісті шараларды қабылдайды және атап айтқанда, осы мақсаттар үшін тиісті ресурстар мен қолайлы білікті персонал бөледі.

3.03-бөлім. Сатып алулар

Стандарттық ережелер мен шарттардың 4.03-бөлімінің мақсаттары үшін мынадай ережелер, егер Банк банк өзге келіспесе Жоба үшін талап етілетін және Қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға жататын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды реттейді:

(a) тауарлар, жұмыстар және қызметтер (3.03-бөлімге қосылған консультанттардың қызметтерін қоспағанда) ашық тендер арқылы сатылып алынады;

(b) 0.03-бөлімнің мақсаттары үшін ашық тендер өткізу рәсімдері және жергілікті бәсекелестік тендер рәсімдерінің стандарттары ЕҚДБ тауарлар мен қызметтерді сатып алу ережесінің 3-тарауында айтылған;

(c) Қарыз алушы Жобаны іске асыруға ықпал ету үшін тартқан консультанттар ЕҚДБ тауарлар мен қызметтерді сатып алу ережесінің 5-тарауында айтылған рәсімдерге сәйкес іріктеледі;

(d) барлық мердігерліктер ЕҚДБ тауарлар мен қызметтерді сатып алу ережесінің қосымшасында айтылған қарау рәсімдеріне жатады. Банк жазбаша нысанда өзге туралы Қарыз алушыға жазбаша нысанда хабарлаған уақытқа дейін барлық келісім-шарттар алдын-ала қарауға жатады.

3.04-бөлім. Экологиялық міндеттемелер

Стандарттық ережелер мен шарттардың 4.02 (a), 4.04 (a) (iii) және 5.02 (c) (iii) бөлімдерінің жалпы қабылдайтын сипаттағы залалдарсыз, егер Банк өзгеге келіспесе:

(a) Жобаның орналасқан орнындағы юрисдикциясында анда-санда күшіне енетін экологиялық ережелер мен нормаларға және осы күнге Еуропалық одақта бар экологиялық нормаларға (немесе Еуропалық одақта осындай нормалар қолданылмайтын болса, айтылған Дүниежүзілік банктің экологиялық нұсқамасында қолданылатын нормалар) сәйкес Жобаны жүзеге асыруға; және

(b) жобаның объектілерін жобалауға қоршаған ортаны қорғау мен қауіпсіздігінің тиісті шараларын енгізуді қамтамасыз етуге және одан кейін Жоба үшін дайындалған экологиялық талдаудың нұсқауларына және ЕҚДБ экологиялық рәсімдеріне сәйкес жоба объектілерін салуға, пайдалануға және жөндеуге міндеттенеді.

3.05-бөлім Консультанттар

(a) Жобаны іске асыруға жәрдем көрсету үшін Қарыз алушы, егер Банкпен өзгеше келісілмесе, қажет болған кезде құрылыс жұмыстарының мердігерлігіне инженерлік қадағалауды жүзеге асыру үшін қажетті консультанттарды қоса алғанда, біліктілігі және тәжірибесі, сондай-ақ техникалық тапсырмасы Банк үшін қолайлы болып табылатын консультанттарды және қажет болған кезде Жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін Жобаны іске асыруға жәрдем көрсету үшін консультанттарды тартады немесе тарту мен пайдалануды қамтамасыз етеді; және

(b) Қарыз алушы Жобаға қатысты мәселелерге немесе Қарыз алушының операцияларына жәрдемдесу үшін тартылған барлық консультанттарды олар функцияларын орындау үшін қажетті құралдармен және қолдаумен, оның ішінде қызметтік үй-жаймен, барлық құжаттамамен, материалдармен және олардың жұмысына қатысы бар басқа да ақпаратпен тегін қамтамасыз етеді

3.06-бөлім. Есептілікті беру кезеңділігі және оның талаптары

(a) Қарызды толық төлегенге немесе күшін жойғанға дейін Қарыз алушы Банкке есепті кезең аяқталғаннан кейін 90 күннен кешіктірмей Жобаға қатысы бар

экологиялық мәселелер бойынша жылсайынғы есепті ұсынады. Осындай есептер мынадай нақты мәселелер туралы ақпаратты қамтиды:

(1) Жобаның орналасқан орнындағы юрисдикцияда анда-санда күшіне енетін экологиялық ережелер мен нормаларды, экологиялық органдар жүргізген кез келген инспекциялардың нәтижелері, осындай экологиялық ережелер мен нормалардың кез келген жөнсіздіктері және тарату жөніндегі олармен байланысты іс-шаралар және қандай да болмасын осындай жөнсіздіктер үшін салынған кез келген айыппұлдар туралы Жоба үшін қажетті қандай да болмасын экологиялық рұқсаттардың жағдайын қоса алғанда осы күнге Еуропалық одақта бар экологиялық нормаларды (немесе егер осындай нормалар Еуропалық одақта болмаған жағдайда, айтылған Дүниежүзілік банктің экологиялық нұсқауында қолданылатын нормалар) сақтау туралы ақпаратты;

(2) жоба үшін дайындалған экологиялық сараптаманың нұсқамаларына, ЕҚДБ Экологиялық рәсімдерге сәйкес қабылданған шаралар; және

(3) экологиялық органдарға Жобаға қатысты берілген экологиялық мәселелер бойынша кез келген маңызы бар хабарламалардың, есептердің және басқа да х а б а р л а у л а р д ы ң ж и ы н т ы ғы .

(b) Қарыз алушы Жоба аяқталғанға дейін есепті кезең аяқталғаннан кейін 90 күннен кешіктірмей жарты жылдық негізде Стандарттық ережелер мен шарттардың 4.04 (a) (iv)) бөлімінде көрсетілген Жобаның орындалуы туралы кезеңді есептерді береді. Осындай есептер мынадай нақты деректерді қамтиды:

(1) Ж а л п ы а қ п а р а т :

(A) есепті жасау күніне және есепті кезең ішінде Жобаны іске асыру кезінде қол жеткізілген табиғи прогресс;

(B) Жобаны іске асырудағы іс жүзінде немесе күтілетін қиындықтан немесе шығындар мен олардың іске асыру кестесіне ықпал етуі және қиындықтарды жою мен шығындарды болдырмау үшін қабылданған немесе жоспарланатын іс жүзіндегі ш а р а л а р ;

(C) Жобаны аяқтау күнінде күтілетін өзгерістер;

(D) Жобамен байланысты персоналдың негізгі құрамын өзгерту;

(E) Жобаның құнына әсер етуі мүмкін мәселелер; және

(F) Жобаның қандай да болмасын экономикалық жүзеге асырылуына әсер ету мүмкіндігі бар кез келген оқиғалар немесе қызмет.

(2) Жобаның әрбір Бөлігінің шеңберінде келтірілген шығындары егжей-тегжейленген қаржылық есептілік және есеппен бірге қарызды іріктеу, олар м ы н а л а р д ы кө р с е т е д і :

(A) б а с т а п қ ы с м е т а л ы қ қ ұ н ;

(B) өзгерту себептері көрсетіле отырып, осындай болған кезде қайта қаралған с м е т а л ы қ қ ұ н ;

C) бастапқы ұйғарылатын шығыстар мен осы күнге іс жүзіндегі шығыстар;

(D) осы күнге іс жүзіндегі шығыстардың осы күнге бастапқы шығыстар сметасынан а у ы т қ у с е б е п т е р і ;

(E) жылдың басқа тоқсанына арналған ұйғарылатын шығыстар.

(с) қоршаған ортаға, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне елеулі теріс әсері болуы мүмкін Жобаға байланысты оқыс оқиға немесе жазатайым жағдай туындағаннан кейін тез арада Қарыз алушы осындай оқыс оқиға немесе жазатайым жағдай сипатын және оларды жою үшін Қарыз алушы немесе Атқарушы агенттік қабылдайтын кез келген қадамдарды көрсете отырып бұл туралы Банкті факспен хабардар етеді. Егер қандай-да бір қолданылатын заң мемлекеттік органды осындай оқыс оқиға немесе жазатайым жағдай туралы хабардар етуді талап етсе, осындай оқыс оқиға немесе жазатайым жағдай қаза табуға немесе ауруханаға жатқызуды талап ететін көптеген қауіпті ауыр жарақаттарға әкеп соқтырса немесе осындай оқыс оқиға немесе жазатайым жағдай жұртшылыққа бұқаралық ақпарат құралдары немесе өзге жолмен белгілі болса, жоғарыда айтылғанның жалпы қолданылатын сипатына залалсыз оқыс оқиға немесе жазатайым жағдай қоршаған ортаға, денсаулық пен қауіпсіздікке елеулі теріс әсер етуі мүмкін.

IV бап - Қаржылық міндеттемелер

4.01-бөлім. Қаржылық есеп пен есептілік

(а) Қ а р ы з а л у ш ы :

(1) дәйекті қолданылатын халықаралық бухгалтерлік есеп нормаларына сәйкес көрсету үшін жеткілікті рәсімдер қолдануға, есеп пен шоттар жүргізуге, жобаға қатысы бар операциялар, ресурстар мен шығындар, жобаның мониторингі мен дамуын есепке алу үшін (ол бойынша шығыстарды және оның есебінен алынатын пайданы қоса а л ғ а н д а) ;

(2) 4.01 (а) Бөлімінде көрсетілген арнайы шотты қоса алғанда халықаралық аудит қағидаттары мен нормаларына сәйкес банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлардың әрбір қаржы жылы үшін есеп пен шоттардың аудитін ұйымдастыруға;

(3) Банкке дайын болуына қарай, бірақ қалай болғанда да әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Банк негізді түрде сұрататын көлемде және егжей-тегжейлі тәптіштей осындай аудиторлар өткізген аудит туралы есепті Банкке б е р у г е ;

(4) Банкке осындай есептілік пен шоттарды қамтитын өзге ақпаратты және Банк мерзімді сұратуы мүмкін аудитті беруге міндеттенеді.

V бап - Тоқтатып қою, жылдамдату, күшін жою

5.01-бөлім. Тоқтатып қою

Мына төмендегі 7.01. (a) (xiv) Бөлімінің мақсаттары үшін Стандарттық ережелер мен шарттар келісілді.

(a) Жобаның аясында жасалған немесе қайта жаңартылған активтерге меншік құқығы Қарыз алушы болып табылмайтын тарапқа берілді.

VI бап Күшіне енуі

6.01-бөлім. Күшіне ену шарттары

Мынадай шарттар осы Келісім күшіне ену үшін қосымша шарттар ретінде Стандартты ережелердің 9.02 (c) бөлімінің мақсаттары үшін айтылады.

(a) Атқарушы агенттік міндеттердің қосарлануын жою және тендерлік негізде жолдарды мерзімді жөндеу мен ұстауға арналған барлық келісім-шарттар жасасу мәселелерін қоса алғанда автожол саласын қайта құрылымдау туралы нысаны мен мазмұны бойынша Банк үшін қанағаттанарлық жоспар мен кестені береді;

(b) Банкке нысаны мен мазмұны бойынша Банкті қанағаттандыратын, 2004 жылы контрагенттің Жобаға жеткілікті бюджет қаржысын бөлуге қаражаты бар екендігін растайтын дәлел ұсынылады.

6.02-бөлім. Заң қорытындысы

(a) Стандартты ережелер мен шарттардың 9.03 (a) бөлімінің мақсаттары үшін заң консультантының қорытындысы немесе қорытындыларын Қарыз алушының атынан Әділет министрі береді және мыналар Банкке берілетін қорытындыға немесе қорытындыларға енгізуге жататын қосымша мәселелер ретінде келісіледі.

(1) Келісімді Қарыз алушының Парламенті бекітуі тиіс.

6.03-бөлім. Күшіне енбеуіне байланысты Келісімнің қолданылуын тоқтату

Осы келісімге қол қойылған күннен кейін 120 күннен тұратын күн Стандартты ережелер мен шарттардың 9.04-бөлімінің мақсаттары үшін келісіледі.

VII бөлім - Әр түрлі

7.01-бөлім. Хабарлау

Мынадай мекен-жайлар Стандартты ережелер мен шарттардың 10.01-бөлімінің мақсаттары үшін беріледі:

Қ а р ы з а л у ш ы :

Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і
4 7 3 0 0 0 А с т а н а

Ж е ң і с д а ң ғ ы л ы , 3 3
Қаржы министрiнiң назарына

Факс: +3172 717762

Б а н к :

Еуропа Қайта құру және Даму банкі
О n e Е x c h a n g e S q u a r e

Лондон EC2A 2JN

Операцияларды басқару бөлімінің
н а з а р ы н а

Ф а к с : + 4 4 - 2 0 - 7 3 3 8 -

6 1 0 0

Осыған куәландыра отырып тиісінше өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін тараптар осы Келісімге төрт данада қол қойды және жоғарыда көрсетілген [] күні және жылы жеткізді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о л ы : _____

А т ы - ж ө н і :

Лауазымы:

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі

Қ о л ы : _____

А т ы - ж ө н і :

Лауазымы:

1 Қосымша - Жобаны сипаттау

1. Жобаның мақсаты Қарыз алушыға Батыс Қазақстанда Атырау-Ақтау жолын жаңартуға көмек көрсетуге және қарыз алушының автожол саласын қаржыландыру мен басқаруды жетілдіруге жәрдемдесуге негізделген.

2. Жоба Банкпен және Қарыз алушымен келісілген өзгерістерді мерзімді енгізуге жататын мынадай бөлімдерден тұрады:

А бөлімі: Атырау-Ақтау жолын қайта жаңарту

В бөлімі: Құрылысты қадағалау

С бөлімі: Консультациялық қызметтер

С-1 Халықаралық нормаларға сәйкес ауыр жүк көлік құралдарынан алымды қайта құрылымдау жоспарын әзірлеу үшін қажетті консультациялық қызметтер.

С-2 Жол жабындысын басқару жүйесін жетілдіру арқылы жолдарды ұстауды

басқаруды жетілдіру үшін қажетті консультациялық қызметтер С-3 Жобаны іске асыру үшін қажетті консультациялық қызметтер.

3. Жоба шамамен 2007 жылы қарашада аяқталатын болады.

2-қосымша - Қарыздың санаттары және таңдау

1. Осы Қосымшаға қоса берілетін кестеде Қарыз санаттары, әрбір Санатқа бөлінетін Қарыз сомасы, сондай-ақ осы Санатта қаржыландыруға жататын пайыздық қатынаста шығыстар жазылады.

2. Жоғарыда көрсетілген параграфтың ережелеріне қарамастан, Қарыз туралы Келісімге қол қойылған күнге дейін шеккен және төленген шығындарға қатысты қарызды таңдап алу жүргізілмейді.

2-қосымшаға Толықтыру

Санаты	Қарыз валютасында бөлінетін Қарыз сомасы	Қаржыландыруға жататын шығындар пайызы ¹
(1) Жобаның А бөлігі бойынша жолды жаңғыртудың бір бөлігі жұмыстар	111 500 000	Қосылған құн салығы есепке алынбаған келісім-шарттың құнынан 85% ²
(2) Жобаның В бөлігі бойынша құрылысты қадағалау	5 000 000	Келісім-шарт құнынан 50% ²
(3) Күтілмеген шығыстар	1 508 000	
(4) Біржолғы комиссия	1 192 000	
Барлығы	119 200 000	

¹ Қарыз қаражаты қосылған құн салығын және басқа да салықтар мен баждарды қаржыландыру үшін пайдаланылмайды.

² Қарыз алушы мен Банк арасындағы жазбаша келісім құралымен арту жағына түзетілуі мүмкін Қарыз алушы қаржыландыруға жататын шығындар пайызы

3-Қосымша - Арнайы шот

1. Осы Қосымшаның мақсатында мына терминдердің мынадай мәні бар:

"Қолайлы санат"	- 2-қосымшаға Толықтыруға сәйкес 1 және 2 с а н а т т а р .
-----------------	---

"Қолайлы шығыстар"	- Жобаны іске асыру үшін қажетті қарыз есебінен қаржыланатын және 2-қосымшаның ережелеріне сәйкес Қолайлы санаттарға мерзімді жатқызылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің негіздемелі құнын есепке ала отырып ж а с а л а т ы н ш ы ғ ы с т а р .
--------------------	---

"Арнайы шоттың ең жоғарғы	- бес миллион долларға (\$5 000 000) тең сома. с а л ь д о с ы "
---------------------------	--

"Арнайы шоттан іріктеудің жоғарғы	- екі жүз мың долларға (\$200 000) тең сома. е ң с о м а с ы "
-----------------------------------	--

2. Арнайы шоттан төлемдер осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес Қолайлы шығыстар бойынша жүзеге асырылады.

3. Есептерден, тәркілеуден және мүлікке тыйым салудан тиісінше қорғауды қоса алғанда, Банк үшін қанағаттанарлық шарттарға сәйкес Арнайы шот ашуға болатындығы туралы Банктен қанағаттанарлық дәлелдемелер алғаннан кейін Қарыз алушы Арнайы шоттың ең жоғарғы сальдосынан аспайтын және Арнайы шоттан іріктеудің ең жоғарғы сомасынан кем емес бастапқы соманы Арнайы шотқа бұдан әрі орналастыра отырып, Қол жетерлік соманы іріктеуді жүзеге асыруға құқылы.

4. Бұдан әрі Қарыз алушы қол жетерлік сомадан қосымша соманы іріктеуді жүзеге асыруға және 6-тармақтан төмен белгіленген шектеулерге және қарызды әрбір іріктеу бойынша мынадай шарттарға сәйкес Арнайы шотқа көрсетілген соманы орналастыруға

қ ұ қ ы л ы :

(а) Қарыз алушы шоттан көшірмені және құжаттаманы, сондай-ақ Арнайы шоттан алынған соманы қолдануға жататын кез-келген басқа да дәлелдемелерді Банкке береді.

(b) Талап етілген қарыз іріктеуді жүзеге асырғаннан және осындай соманы Арнайы шотқа орналастырғаннан кейін Арнайы шоттың сальдосы Арнайы шоттың ең жоғарғы сальдосынан асып кетпеуі қажет.

(с) Банкпен мерзімдік келісу жағдайларын қоспағанда, Арнайы шотта бұдан әрі орналастырылатын талап етілген қарызды іріктеу сомасы Арнайы шоттан іріктеудің ең жоғарғы сомасынан төмен болмауы қажет.

5. Қарыз алушы осы Қосымшаның 4 (а) тармақшасының талабына нұқсан келтірмей Банктің негіздемелі талабы бойынша кез-келген уақытта сальдо және Арнайы шоттың басқа да бөлшектері туралы есеп, соның ішінде шоттан көшірмелер мен басқа да құжаттар және осы Қосымшамен белгіленген талаптарға сәйкес Арнайы шоттан төлемдерді жүзеге асыратын дәлелдемелер береді.

6. Қарыз алушының осы Қосымшаның 4-тармағының ережесіне қарамастан, егер Банкпен өзгелей келісілмеген жағдайда, Арнайы шотқа бұдан әрі орналастыра отырып жеткілікті сомамен қарызды іріктеуді жүзеге асыруға құқығы жоқ:

(а) егер Банк кез-келген уақытта бұдан әрі қарызды іріктеуді 2.03 (а) Бөлімнің ережелеріне сәйкес жүзеге асыруы қажет деп белгілесе; немесе

(b) егер Қолайлы санаттарға жататын жеткілікті сома Арнайы шоттың ең жоғарғы сальдосының мөлшерінен екі есе артық болса.

Кейінірек тиісті Қолайлы санаттарға жатқызылған қарызды іріктеуге қатысты Банк Қарыз алушыға хабарламада көрсете алатын рәсімдер сақталады. Осындай қарызды бұдан әрі іріктеу Банк хабарлама алған күнге Арнайы шоттың депозитінде бар барлық сома қолайлы шығыстарға төлемді жүзеге асыру үшін пайдаланылатынына сенімді болғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

7. Егер Банк кез-келген уақытта Арнайы шоттан төлем деп белгілесе немесе Арнайы шоттың өзі:

(а) шығыстарды жабу үшін немесе осы Қосымшаның 2-тармағына сәйкес келмейтін мөлшерде пайдаланса; немесе

(b) Банкке берілетін дәлелдемелермен негізделмесе; онда Банк Қарыз алушыдан:

(1) Банк талап ете алатын қосымша дәлелдемелерді беруін; және/немесе

(2) қолайлы шарттарға сәйкес келмейтін немесе негізделмеген осындай төлемнің не оның бөлігінің сомасына тең соманы Арнайы шотқа орналастыруды (немесе Банктің талабы бойынша Банкке төлеуді) талап етуге құқылы.

Жоғарыда аталған (а) немесе (b) тармақшаларға сәйкес осылай белгілеген жағдайда, егер Банк Арнайы шотта кейін орналастыра отырып өзгелей келіспесе, Қарыз алушы не (А) Арнайы шотта орналастырмағанша немесе қолайлы шарттарға сәйкес келмейтін

немесе негізделмеген төлем (немесе оның бөлігі) сомасына тең соманы Банкке төлемегенше не (3) Банктің талаптарына жауап беретін қосымша дәлелдемелерді, Арнайы шоттан алынған пайдалануға тиісті соманы бермейінше қарызды бұдан әрі іріктеу жүзеге асырылмайды.

8. Егер:

(а) Арнайы шот бойынша төленбеген сома қолайлы шығыстар жөніндегі қосымша төлемдерді жабу үшін талап етілмейтіндігін Банк кез-келген уақытта белгілесе; немесе

(b) Банк Қарыз алушыны 7 (2) тармақшаға сәйкес соманы Банкке төлеуді міндеттесе ;

онда Қарыз алушы Банктен хабарлама алғаннан кейін мерзімінен бұрын осындай сомаға тең мөлшерде дереу Қарыз бөлігін Банкке төлейді. Осы мақсат үшін төменде көрсетілген 10-тармаққа сәйкес пайыз төлеген күнге сәйкес Қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы талап тоқтатылады.

9. Қарыз алушы Стандарттық ережелер мен шарттардың 3.07 (а) Бөліміне сәйкес Банкке алдын-ала хабарлама жіберіп, Арнайы шотқа салынған қаражаттардың бәрін не бір бөлігін пайыз төлейтін кез-келген күнге мерзімінен бұрын төлеуге құқылы.

10. Жоғарыда көрсетілген 8 немесе 9-тармақтарға сәйкес мерзімінен бұрын өтеу Стандарттық ережелер мен шарттардың 3.07 Бөліміне сәйкес жүзеге асырылады, дегенмен: (а) Стандарттық ережелер мен шарттардың 3.07 (с)(і)(А) Бөліміне қарамастан мерзімінен бұрын өтеу сомасы қарызды мерзімінен бұрын өтеудің ең кіші сомасына сәйкес келмеуі қажеттігін және (b) мерзімде қарызды мерзімінен бұрын өтеу кезінде пайыз төлеу күніне сәйкес келмейтінін есепке ала отырып, Стандарттық ережелер мен шарттардың 3.10 Бөліміне сәйкес шарттардың өзгеруіне байланысты шығындар жабылады. Жоғарыда көрсетілген 8 немесе 9-тармақтарға сәйкес мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, Банк Стандарттық ережелер мен шарттардың 3.07 (с)(іі) Бөлімін басшылыққа алады.